

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына  
арналған республикалық олимпиадасының Ережесі**

**Жалпы ережелер**

1. Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушылары үшін республикалық олимпиаданы (бұдан әрі - Олимпиада) ұйымдастыру және өткізу қағидалары жалпы білім беретін пәндер бойынша жалпы орта білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын барлық білім беру ұйымдарының 7-8 сынып оқушылары үшін республикалық олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

2. Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері: оқушылардың зияткерлік қызмет пен ғылыми білімге деген қызығушылығын дамыту, білім алушылардың қабілеттерін, бейімділігін іске асыру үшін жағдай жасау, дарынды балалармен жұмысты іске асыру шеңберінде ерте бейіндеу, Республикалық пәндік олимпиадаларға қатысу үшін жоғары ынтымақ білім алушыларды анықтау болып табылады.

**3. Олимпиада үш кезеңге өткізіледі:**

- бірінші (мектепшілік) кезең;
- екінші (аудандық/қалалық) кезең;
- үшінші (облыстық) кезең;

4. Барлық кезеңдер бір турда өткізіледі.

5. Ұйымдастыру комитеті: Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары мен облыстық «Дарын» орталықтары болып табылады.

Олимпиаданы Ұйымдастыру Комитеті:

-Олимпиаданы өткізудің ұйымдастырушылық-техникалық нысанын айқындайды;

- Олимпиаданы ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

- Олимпиаданың барлық кезеңіне қатысушыларды (қажет болған жағдайда) олимпиаданы өткізу кезінде қолданыстағы санитариялық эпидемиологиялық қағидалар мен нормаларға сәйкес жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, олимпиаданы өткізу уақытына **тамақпен қамтамасыз етеді (қажет болған жағдайда);**

- әрбір жалпы білім беретін пән бойынша олимпиадалық тапсырмалардың сақталуын қамтамасыз етеді, олардың құпиялығы үшін ҚР заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады;

- олимпиадаға қатысушылардың олимпиадалық жұмыстарын шифрлауды жүзеге асырады.

6. Олимпиада келесі пәндер бойынша жалпы білім беретін бағдарламалар негізінде өткізіледі: математика, биология, физика, география, химия, информатика, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі, қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі, ағылшын тілі, Қазақстан тарихы.

7. «Орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі» пәні бойынша туу туралы куәлік бойынша сәйкестендірілетін өзге ұлттың оқушылары қатысады.

8. Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары және облыстық «Дарын» орталықтары олимпиаданың екінші/үшінші кезеңдерінің тапсырмаларын әзірлейді және құрастырады.

9. Барлық кезеңдердің мерзімдері мен Олимпиада пәндерінің тізбесін жыл сайын, мектепшілік, аудандық, облыстық кезеңдерін өткізу жөніндегі нұсқаулықты Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары және облыстық «Дарын» орталықтары бекітеді.

Барлық қатысушыларға қажет:

- олимпиада басталғанға дейін кемінде 30 минут бұрын Олимпиада өтетін жерге келу;

- ұйымдастырушының сүйемелдеуімен қосымша заттарды, ұялы телефондарды арнайы бөлінген орынға қалдырып, аудиторияға өту;

- ұйымдастырушы көрсеткен орынға отыру;

- жұмысты орындау жөніндегі нұсқаулықты тыңдау, танысу;

- тапсырманы орындауға кірісу;

Олимпиаданың басталуына кешіккен қатысушылар аудиторияға жіберілмейді.

**Олимпиада қатысушылары құқылы:**

Қатысушылардың жұмыс орнында қажетті және рұқсат етілген кеңсе тауарлары (жазу құралдары, ауыз су және шоколад) болуы мүмкін. Калькуляторға тыйым салынады (физика пәнінен басқасына).

**10. Олимпиаданы өткізу кезеңінде:**

- ұйымдастырушылар Олимпиаданың басталу уақытын жариялағаннан кейін (Олимпиаданың басталу және аяқталу уақыты тақтаға жазылады) жұмысты орындауға кірісу;

- олимпиадаға қатысушылар сайыс кезінде аудиториядан дәлелді себеппен (санитарлық болмеге, медициналық кабинетке) шығып, Олимпиада жұмысын аудиториядағы жауапты ұйымдастырушыға тапсыра алады.

Олимпиада аяқталғаннан кейін немесе Олимпиаданы алдың-ала аяқтағаннан кейін қатысушы аудиториядан шыға алады.

**Ескерту:** олимпиаданы мерзімінен бұрын аяқтауға рұқсат етіледі.

**Олимпиада турын өткізу кезінде қатысушыларға қатаң тыйым салынады:**

1. электрондық түрдегі кез-келген ақпаратты, жеке компьютерлерді, мобильді және интернет байланыс құралдарын пайдалану;

2. қатысушылар арасындағы әңгімелер;

3. орнынан тұру;

4. басқа қатысушының орнынан орнына ауыстыру;
5. қатысушылар арасында кез-келген материалдармен және заттармен атмасу;
6. анықтамалық материалдарды, шпаргалкаларды, оқулықтарды пайдалану.

Қатысушының жұмысын бағалаудың объективтілігі мақсатында бүкіл тур бойы аудио және бейнежазба жүргізіледі, ол Олимпиада аяқталғанға дейін сақталады.

Жарысқа қатысу ережелерін бұзған немесе оларды сақтаудан бас тартқан жағдайда қатысушы Олимпиадаға қатысуды жалғастыру құқығынан айырылады.

Шеттету ұйымдастыру комитетінің кемінде екі мүшесінің қолы қойылған және қатысушының жеке қолы қойылған арнайы актімен ресімделеді. Қатысушы актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оған «қол қоюдан бас тартты» деген жазба енгізіледі. Олимпиада пәні бойынша қатысу нәтижелері жойылады.

11. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер саны әр пән мен сынып бойынша олимпиадаға қатысушылардың жалпы санының 45 пайызынан аспайды.

12. Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады. I, II және III дәрежелі дипломдардың саны мынадай пропорция негізге алына отырып айқындалады: жеңімпаздар санының 50% - дан аспайтыны III дәрежелі дипломдармен, 30% - дан аспайтыны II дәрежелі дипломдармен, 20% - дан аспайтыны I дәрежелі дипломдармен марапатталады.

#### **Олимпиаданың бірінші (мектепшілік) кезеңін ұйымдастыру және өткізу тәртібі.**

13. Бірінші (мектепшілік) кезеңді білім беру ұйымдарында ағымдағы оқу жылының 01 қарашасынан кешіктірмей қалалардың білім басқармалары, аудандардың білім бөлімдері өткізеді.

14. Олимпиаданың бірінші (мектеп) кезеңін ұйымдастыру және өткізу үшін білім беру ұйымының басшысы Ұйымдастыру комитетін (бұдан әрі - мектеп ұйымдастыру комитеті) құрады және бекітеді.

15. Мектептің ұйымдастыру комитетінің құрамына ұйымдастыру комитетінің төрағасы мен мүшелері кіреді. Төраға болып білім беру ұйымының басшысы айқындалады.

16. Мектеп ұйымдастыру комитеті:

- Олимпиаданың бірінші (мектеп) кезеңін өткізуді үйлестіреді және бақылайды;

- Олимпиада қорытындыларын талдайды және жинақтайды;

- Олимпиаданың қорытындысы туралы ақпаратты аудандық (қалалық) білім бөліміне жолдайды;

17. Орындалған жұмыстарды бағалау, оқушылардың жұмысын тікелей тексеру және бағалау, тапсырмаларды талқылау және түсіндіру, апелляция



жүргізу үшін қазылар алқасы мүшелерінің құрамы бекітіледі. Қазылар алқасының құрамына жоғары білікті әдіскерлер, тәжірибелі мұғалімдер және аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің өкілдері, сондай-ақ мектептердің, жоғары оқу орындарының түлектері және студенттер болып табылатын облыстық, республикалық және халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері кіруі мүмкін.

18. Олимпиаданың бірінші (мектеп) кезеңін аяқтау қорытындысы бойынша орта және жалпы орта білім беру ұйымдары кезең аяқталған сәттен бастап күнтізбелік 5 күн ішінде әрбір пән мен сынып бойынша қорытынды хаттамаларға сәйкес Олимпиаданың екінші (аудандық/қалалық) кезеңіне қатысу үшін командалар құрылады.

### **Екінші (аудандық/қалалық) кезеңді ұйымдастыру және өткізу тәртібі.**

19. Екінші (аудандық/қалалық) кезеңді Астана Алматы және Шымкент қалаларының білім бөлімдері, белгіленген уақытта ұйымдастырып, өткізеді.

20. Екінші (аудандық/қалалық) кезеңнің қатысушылары әр пән мен сынып бойынша бірінші мектепшілік кезеңнің жеңімпаздары болып табылады.

21. Мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін олимпиаданың екінші кезеңі Олимпиаданың бірінші (мектепшілік) кезеңіне теңестіріледі.

22. Екінші (аудандық/қалалық) кезеңді ұйымдастыру және өткізу үшін Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, аудандық білім бөлімдері ұйымдастыру комитетінің құрамын құрады және бекітеді.

23. Ұйымдастыру комитетінің құрамына ұйымдастыру комитетінің төрағасы мен мүшелері кіреді. Төраға болып аудан/қала білім бөлімдерінің басшылары айқындалады.

24. Ұйымдастыру комитеті:

-Олимпиаданың екінші (аудандық/қалалық) кезеңін өткізуді үйлестіреді және бақылайды;

- Олимпиада қорытындыларын талдайды және жинақтайды;

-Олимпиада қорытындысы туралы ақпаратты облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларына жолдайды. Кезең қорытындысы бойынша білім беру ұйымдарының рейтингі жасалады.

25. Екінші (аудандық/қалалық) кезеңнің олимпиадалық тапсырмалары құпиялылық пен сақталуын қамтамасыз ете отырып, бүкіл республика бойынша ұйымдастыру комитетінің жауапты мүшесіне бір мезгілде жіберіледі.

26. Олимпиадалық тапсырмалардың критерийлері және бағалау.

Тест саны – 30, тест тапсырмаларының нысаны – «бір дұрыс жауабы бар жабық». Әр тапсырманың жанында тапсырма қанша ұпаймен бағаланатыны көрсетіледі.

Тапсырмаларды орындау уақыты – 90 минут.

Әрбір тест тапсырмасының дұрыс жауабы үшін:

- *1 балл* (1 деңгей);

- *2 балл* (2 деңгей);

- *3 балл* (3 деңгей).

Тестілеудің қорытынды нәтижелерін есептеу кезінде дұрыс жауаптар саны үшін деңгейге сәйкес ұпай беріледі, ал бір дұрыс емес жауап үшін

-1 ұпай шегертіледі. Белгіленбеген сұрақ үшін 0 ұпай қойылады.

Онда тек бір дұрыс жауап бар.

27. Берілген Олимпиадалық тапсырмалардың құпиялылығын қамтамасыз ету және сапалы қамтамасыз ету үшін жауапкершілік, бейнетрансляция аудан/қала білім басқармасының басшысына жүктеледі.

28. Оқушылардың жұмысын тексеру және бағалау, әр пән бойынша тапсырмаларды талқылау және түсіндіру және апелляция өткізу үшін ұйымдастыру комитеті қазылар алқасы мүшелерінің құрамын бекітеді. Егер тапсырма тест түрінде болатын болса, апелляцияны өткізу қарастырылмайды.

29. Қазылар алқасының құрамына жоғары оқу орындарының оқытушылары, әдіскерлер, тәжірибелі мұғалімдер және жоғары біліктілік санаттары бар аудандық/қалалық білім бөлімдерінің өкілдері, сондай-ақ мектептердің, жоғары оқу орындарының түлектері және студенттер болып табылатын облыстық, республикалық және халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері кіруі мүмкін. Қатысушылардың санына байланысты қазылар алқасы мүшелерінің құрамы тақ санды құрайды (кемінде 3 адам). Қазылар алқасының құрамына оқушылары олимпиаданың қатысушылары болып табылатын педагогтар кірмейді.

30. Әр түр аяқталғаннан кейін қатысушылар жұмыстарының шифрланған және сканерленген көшірмелері аудан/қала білім бөлімдерінің интернет ресурсында орналастырылады.

31. Оқушылардың жұмысын тексеру аяқталғаннан кейін қорытынды хаттамалар аудан/қала білім басқармасының интернет ресурсында орналастырылады.

32. Олимпиаданың екінші (аудандық/қалалық) кезеңін аяқтау қорытындысы бойынша аудан/қала білім басқармалары әрбір пән мен сынып бойынша қорытынды хаттамаларға сәйкес кезең аяқталған сәттен бастап 3 күнтізбелік күн ішінде Олимпиаданың үшінші кезеңіне қатысу үшін командалар қалыптастырады.

### **Үшінші (облыстық) кезеңді ұйымдастыру және өткізу тәртібі.**

33. Үшінші (облыстық) кезеңді облыстардың, Астана, Алматы қалаларының білім басқармалары белгілеген мерзімдерде өткізеді.

34. Үшінші (облыстық) кезеңнің қатысушылары әр пән мен сынып бойынша екінші (аудандық/қалалық) кезеңнің жеңімпаздары болып табылады.

35. Үшінші (облыстық) кезеңді ұйымдастыру және өткізу үшін Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары және облыстық «Дарын» орталықтары ұйымдастыру комитетін құрады және бекітеді.

36. Ұйымдастыру комитетінің құрамына ұйымдастыру комитетінің төрағасы мен мүшелері кіреді. Төрағалар болып облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларының басшылары айқындалады.

37. Ұйымдастыру комитеті:

- Олимпиаданың үшінші (облыстық) кезеңін өткізуді үйлестіреді және бақылайды;

- жұмыстарды орындау аяқталғаннан кейін қатысушылар тексеру үшін қазылар алқасының мүшелеріне әрбір пән мен сынып бойынша барлық қатысушылардың шифрланған және сканерленген жұмыстарын жібереді;

- Олимпиада қорытындыларын талдайды және жинақтайды;

- олимпиада қорытындылары туралы ақпаратты облыстық «Дарын» орталықтары жасайды.

- кезең қорытындысы бойынша білім беру ұйымдарының рейтингін жасайды және интернет-ресурстарда жариялайды.

38. Олимпиаданың үшінші кезеңінің тапсырмаларын облыстық «Дарын» орталықтары ұйымдастыру комитетінің жауапты мүшесіне құпиялылық пен сақталуын қамтамасыз ете отырып, барлық облыстар бойынша бір мезгілде жібереді.

39. Ұсынылған олимпиадалық тапсырмалардың құпиялылығын қамтамасыз ету және бейнетрансляцияны сапалы қамтамасыз ету үшін жауапкершілік облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларының және облыстық «Дарын» орталықтарының басшыларына жүктеледі.

40. Қазылар алқасының құрамына жоғары оқу орындарының оқытушылары, әдіскерлер, жоғары біліктілік санаты бар тәжірибелі мұғалімдер, сондай-ақ мектептердің, жоғары оқу орындарының түлектері және студенттер болып табылатын облыстық, республикалық және халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері кіруі мүмкін. Қазылар алқасының құрамына оқушылары үшінші (облыстық) кезеңге қатысатын педагогтар кірмейді.

41. Оқушылардың тапсырманы орындау процесі олимпиаданың облыстық кезеңі аяқталғанға дейін бейнетаспамен және бейнежазбаның келесі сақталуымен сүйемелденеді.

42. Турлар аяқталғаннан кейін қатысушылар жұмыстарының шифрланған және сканерленген көшірмелері облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларының және облыстық «Дарын» орталықтарының интернет-ресурсында орналастырылады.

43. Оқушылардың жұмысын тексеру аяқталғаннан кейін қорытынды хаттамалар облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларының және облыстық «Дарын» орталықтарының интернет-ресурсында орналастырылады.









Кіріш берүү үйлөндүрүшүнүн 7-б.3-санын оңдоо маарифини аралдаш Республикасынын улуттук кезгиле жатактуулар үйүнө (ОУТННМ)

№	Аулак (кало) аты	Окуучулардын аты-жөнү	Сембери	Төмү	Окуучулардын аты	Кайсы телефон	Электрондук пошта	ЖСН	Жеткендеги аты-жөнү	Аты-жөнүнүн өлкөсү
1										
2										
3										
4										
5										
6										
7										
8										
9										
10										
11										
12										
13										
14										
15										
16										
17										
18										
19										
20										
21										
22										
23										
24										

Башчы

Аталы:  
 Тел.: